

## Заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 17 тамыздағы № 89  
қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде  
2018 жылғы 20 тамызда № 4711 болып тіркелді

"Шымкент келбеті" 22.08.2018 ж., № 66; ҚР НҚА  
электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі, 23.08.2018  
ж.

---

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабының 2-тармағына, "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 07 шілдедегі Заңының 10 бабының 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 73 "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 94 "Заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4497 тіркелген, 2018 жылғы 09 сәуірде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2018 жылғы 09 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген

күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шымкент қаласының аумағында таратылатын мерзімде баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.Нұртайға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *Ғ.Әбдірахымов*

Шымкент  
қаласы  
әкімдігінің  
2018 жылғы 17  
тамыздағы  
№ 89  
қаулысына  
қосымша

**"Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ұсынатын қызметтері үшін тарифтер мөлшері**

№	Қызметтер атауы	Өлшем бірлігі	Пайдалану уақыты	Тарифтер мөлшері, теңге	Ескертпе
1	Тамашалау алаңдарын ұсыну (экспозициялық аймақ)	1	1 күн	300	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесі, тамашалау

					алаңдарын ұсыну (экспозициялық аймақ) қызметінің тарифіне (300 теңге) қосылған
--	--	--	--	--	---

Ескерту:

"Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы"

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны ұсынатын қызметтері үшін келесі жеңілдіктер қарастырылады:

мектеп жасына дейінгі балаларға, ардагерлерге және бірінші мен екінші топтағы мүгедектерге (6 жасқа дейін) - тегін;

мектеп жасындағы балаларға (6 жастан 17 жасқа дейін) - 50%;

күндізгі маусымдағы студенттерге - 25%.